

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні

№ 04 (498) 5 наурыз 2021 жыл



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ҰСТАЗ ҰЛЫҚ ЕМЕС, ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

Ұрпақ тәрбиесінде мұғалімнің таланты, біліктілігі және жауапкершілігі, адами қасиеттері өте маңызды рөл ойнайды, өйткені ол - шәкірт үшін айна сияқты. Ұстазы жақсының шәкірті үздік. Бұл - айнымас аксиома. Ұстаздар - мемлекет пен қоғам арасындағы алтын көпір тәріздес. Мемлекеттің ертеңгі болмысы - ұстаздың бүгінгі тәлімінде.

3 БЕТТЕ

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ОРДАСЫ - ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНА ЖАРЫҚ ШАШҚАН КҮН ІСПЕТТЕС

Бұл университет әрбір қазаққа, түрік ұлысының барлық ұрпағына аманат ретінде өзге оқу орындарынан биік болуға міндетті. Сондықтан, бұл білім ошағына аяқ басқан әрбір жан Қожа Ахмет Ясауи ілімімен сусындап, соны айналаға ұғындыратындай мінез-құлық, біліммен қарулануы керек.

4 БЕТТЕ

8 НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Қазір 8 наурыз Қазақстан, Армения, Әзербайжан, Ауғанстан, Беларусь, Буркина-Фасо, Вьетнам, Гвинея-Бисау, Грузия, Замбия, Камбоджа, Қырғызстан, Кирибати, Қытай, Коста-Рика, Куба, Лаос, Мадагаскар, Молдова, Моңғолия, Непал, Ресей, Сербия, Тәжікстан, Түрікменстан, Уганда, Өзбекстан, Украина, Хорватия, Черногория, Эритрея, Латвия сынды әлем елдерінде аталып өтеледі.

8 БЕТТЕ



Құрметті ХҚТУ арулары мен аяулы ұстаздар!

Сіздерді шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз. Сіздер бойына мейірім, жылулық, махаббат пен ізгілікті дарыта білген дара жансыздар. Көктеріңізден күн, құшақтарыңыздан гүл, өмірлеріңізден күлкі кетпесін.

Бұл күн ізгіліктің, мейірімділіктің, әдеміліктің нышаны. Ана – өмірдің гүлі, тіршіліктің негізі. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөз бар. Фажаып мерекенің көгілдір көктем мезгілімен тұспа-тұс келуі де жақсылықтың нышанындай. Бүгінде отбасының тыныштығын, береке-бірлігін сақтап қана қоймай, қоғамның әр саласында қызмет етіп, еліміздің өркендеуіне, өсуіне тікелей атсалысып жүрген аруларымыз қаншама. Ұрпақ тәрбиесімен, болашақ маман даярлаумен айналысуда ұстаз аналарымыздың орны ерекше. Олардың ұжым бірлігін арттыруда, мәдениетін қалыптастыруда, қызмет сапасын көтерудегі үлесі орасан зор. Сонымен қатар, отбасының ұйытқысы, берекесі болған аналарымыздың ұлтжанды, өнегелі, иманды ұрпақ тәрбиелеудегі еңбектері де ұшан-теңіз.

Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын себесіздер. Сіздердің қолдауларыңыз әркімнің жүрегінде сенімділік ұялатып, шуақ сыйлайды. Осы айрықша қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, елге ырыс-құт дарысын. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз!

Женгиз ТОМАР,
ректор өкілі

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АНАЛАРДЫҢ МЕЙРАМЫ! ЖАРҚЫРАҢДАР ЖАЗ КҮНІНДЕЙ ЖАЙДАРЫ!



Университет ұжымы жыл сайынғы дәстүр бойынша 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнін сән-салтанатпен қарсы алды.

Мерекеге орай оқу ордамыздың I-вице-президенті Женгиз Томар мен оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президенті Өмірбек Үмбетов бірқатар оқытушы-профессорлар мен қызметкерлерге алғыс хат табыстап, мерекелік сыйлық үлестірді. Шара соңында университетіміздің өнерпаз жастары қыз-келіншектердің құрметіне арнап ән мен күйден шашу шашты.



СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ


Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



**«Сағыныш сыбыры» кітабының авторы,
жас қаламгер ДӘУРЕН ТІЛЕУХАН:**

«Ақын-Алланың жердегі сәулесі!»



Таяуда филология факультетінің 3-курс студенті, Халықаралық «Алтын қалам» әдеби байқауының «Жылдың үздік поэзиясы» аталымының жеңімпазы. «Өлең - сөздің патшасы...» республикалық онлайн мүшәйраның 1-орын иегері. «Сағыныш сыбыры» атты кітаптың авторы, жас қаламгеріміз – Дәурен Тілеуханмен сұхбаттасқан едік.

— Қош келдіңіз Дәурен! Қай өңірдің тумасы болдыңыз? Жалпы, көрерменге түсінікті болу үшін өзіңіз жайлы қысқаша айтып өтсеңіз.

— Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданында Көрпе(Еңбекті) деген шап-шағын ауыл бар. Сол жерде менің барлық балалық шағым өтті. Қарапайым қазақтың баласымын. Өмірдегі ең басты байлығым саналатын жанұямы бар, Аллаға мың шүкір. Үйдің кенже баласымын және әлі күнге дейін өзімді әке-шешемнің, аға-апаларымның қасында сәбидей сезінемін. Кішкентай кездегі менің барлық күнім әжеме еркелеумен өткен шығар. Әр адамның өмірінде аяулы жанның болатыны анық. Мен үшін сондай жан әжем болатын. Ол кісі дүниеден өткенде небәрі 6 жаста едім. Есейе келе кей түндерде ешкімге білдірмей әжемді сағынып көз жасымды сығып алатын күндер де болып тұрды. Осылай жасымнан балдай тәтті балалықтың да, сартап болған

сағыныштың да дәмін таттым.

— Қай жасыңыздан бастап, ақындық өнеріңіз, бойдағы дарыныңыз байқала бастады?

— Мектеп кезімнен бастап өлеңге әуес болғам. Облыстық, республикалық Мағжан, Абай оқулары дейтін дәстүрлі байқаулардан топ жарып жүрдім. Мектептен түлеп ұшқан соң, студент атандық. Бұл кездің шабыты да, шаттығы да басқа болады.

— Бойыңыздағы дарын, қаннан келген бе, әлде жүре келе пайда болды ма? Яғни, өлеңге, шығармашылыққа деген құштарлығыңызды кім аша білді?

— Мына сауал қиын екен...Аталарымның бәрі мұғалім болған, білімді кісілер еді. Нағашы жақтан да өлең жазып, өнерге ықылас білдірген адамдар өте көп. Өлеңге деген құштарлығымды мектеп қабырғасында Сағыныш Ержанқызы дейтін ұстазым, кейін Гүлімай Әбішқызы деген ақтөбелік ақын апамыз ашты. Көбірек оқып, ізденіс жолына түсуіме сол жандар көп еңбек сіңірді.

— Жас та болсаңыз, осы кезге дейін талай жыр-шумақтың авторына айналып үлгердіңіз. Жаныңызға жақын, жүрегіңізден орын алатын ерекше бір туындыңыз бар болар?! Сол бір өлеңді атап өтсеңіз.

— Әрине, азды-көпті өлеңдер жазылды. Бірақ, көңілім толмайды қазіргі өлеңдеріме... Әр уақыттың өз басты өлеңі бар. Мысалы, бір жыл бұрын жазған өлеңдерден өзіме ерекше жақыны — Антиномия, Сыбыр, Тағдыр, Ауылды аңсау-2 деген өлеңдер. Осы күзде туған өлеңдерден өзінше «Жұмбақ» деген өлең ұнайды. Бірақ бір күндері одан да көңіл қалатынын ішім сезеді. Меніңше, әр ақынның өлеңінде қуат болады. Әрине, әрқайсысында әрқалай. Менің ақындық қуатым уақыт өткен сайын артып келе жатқанын да сезем. Сондықтан жазылған өлеңдердің ешқайсысы өзіме ұнамай отырады. Дамыған сайын бойда қанағатсыздық пайда болатыны секілді ғой. Бірақ бұл жетістікке жеткізетін қанағатсыздық!

— Өзіңіз атап өткен «Жұмбақ» өлеңі несімен жақын, несімен ыстық? Атауы кісіні қызықтыра жөнеледі екен.

— Жұмбақ. Біріншіден, менің жақында жазған өлеңім. Екіншіден, әлдебір ерекше сезімге елітіп жазған жыр болды. Алдымен, өзім іштей пісіріп барып қағазға түсіргем, сосын түзетіп, Азамат Әлібек деген ақын досыма оқытқан едім. Жақсы бағалады. Қуандым. Меніңше, әр өлеңде өзгеше бір ырғақ болуы керек. Сондай ырғақтың ең сыршылын осы өлеңнен сездім.

— Әр ақынды музының болатыны рас! Яғни, өлеңдеріңіздің шығуына түрткі бола білген музаңыз бар. Солай ма?!

— Қиялдағы қыз деймін мен. Муза міндетті түрде қыз болуы да шарт емес деп түсінемін мен...Себебі, Отан-ана, Туған жерге деген

шексіз махаббаттың да ақын үшін орны бөлек екенін айта кету керек.

— Жақында, алғашқы кітабыңыз жарық көрді. Ең алдымен сол «Сағыныш сыбыры» атты тұңғыш кітабыңыздың жарық көруімен шын жүректен құттықтаймын. Шабытыңыз сарқылмасын! Кітаптың шығуына кім ықпал етті?

— Көп рақмет! Өзім де қанат біткендей ғажап күйде жүрмін. Кітап Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің қолдауымен, ақын Мейірхан Ақдәулет, Ертай Ашықбаев, Бауыржан Бабажан ағалардың басшылығымен жарыққа шықты. Негізі әлі ерте ғой деп ағаларға еркелеп жүр едім. Айналасы бір аптада барлық өлеңдерді жиып-теріп баспаға ұсындым.

— Әрине, көпшілігі бұл сұрақты қойған болар. Алайда тағы бір рет «Сағыныш сыбыры» атауының қойылу себебі неде екенін айта кетсеңіз?

— Мен үшін айнымас аксиома бар. Мен ақын деген ұғымды анықтауда ылғи Амангелді Кеңшіліктің сөзін айтамын. «Ақын-Алланың жердегі сәулесі!» Демек, өлең де әуелден Алланың ақын көкірегіне түсірген аппақ Нұры болғаны және мен үшін сол нұрдың бір ұшқыны Сағыныш деп аталады. Сол сағыныш менің жүрегіме тылсым сыбыр боп сезіледі. Адамға айтып жеткізе алмайтын күйлерді бастан кешетін кез ғой ол. Мүмкін барлық ақын солай сезетін шығар. Әділ Ботпанов осындай сәтті ТӘҢІРІММЕН ТІЛДЕСУ деп атапты. Ал мен үшін ол тылсым сыбыр, жарық сәуле! Мен бар болғаны жүрегімде жарқылдаған сол сәулені, сол сағыныш сыбырын оқырманға сыйлағым келді.

— Оқырман ретінде қай ақын-жазушының шығармасын үздік деп танысыз, кімдерді сүйіп оқисыз?

— Жазушылардан Мұхтар Әуезов, Оралхан Бөкей, Әбіш Кекілбаев, Төлен Әбдік, Мұхтар Мағауин. Ал ақындардан Абай, Мағжан, Есенғали Раушанов, Мейірхан Ақдәулетұлы, Әділ Ботпанов, Ерлан Жүніс... Есіме түспей қалған ақын-жазушыларымнан кешірім сұраймын.

—Тізбектегі ақын-жазушыларды өзіңізге үлгі етіп, үздік деп оқитын болсаңыз, сізден келешекте, бұл кісілердің қаламынан шыққан туындылардан басып озатын әлем мойындайтын, қазақилығымыз бұзылмай сақталып елдің түкпір-түкпіріне жетер өлең-жырларыңыз көп болсын деп тілеймін. Үлкен сеніммен үміт артамыз өзіңізге!

— Әумин, рақмет айтқаныңыз келсін.

**Динара БЕКТАС,
3-курс студенті.**

ЗАМАННАН БА ӘЛДЕ АДАМНАН БА...

Бүгін бұл жанұяда тағы да дау-жанжал басталды. Әкесі әдеттегідей жұмыстан шаршаңқы күйде оралды. Күні кеше 6 жасар ұлы алдынан жүгіріп шығып, мойнына асылып «Әкешім, маған тәттілер алып келдің бе?» дегенде «Мен шаршап келсем, бұл не дейді?» деп бетін қайтарған баласының бүгін қарсы алмағандығы үшін көңілі құлазып сала берді. Бүгін қолында тәттілері бар. Баласын бірнеше рет дауыстап шақырып еді, келе қоймады. Тағы да ашуланды. Қонақ бөлмеден шыққан дыбыстарды құлағы шалып қалып қалды. Бөлменің есігін ашқаны сол еді «Қонақтардан ұят болмасын» деп алған су жаңа диванның үстінде смартфонға шұқшия қалған баласын көрді. «Саған бұл бөлмеге кіруге кім рұқсат берді? Шақырғанда неге келмейсің? Мынау телефонның қолыңнан түсер кезі болады ма өзі? Жұрттың балалары спортқа қызығады, кітап оқиды, әкесіне көмектеседі. Біздікі мынау. Баланы жастан деген екен» деп айқайға баса жөнелді. «Балаға дұрыс қарамайсың» деп анасына да дауыс көтерді. Бала үнсіз жылап қала берді.

Кешкі ас дайын болғанда анасы «Ұлым, әкеңді кешкі асқа шақыр» деді. Бала әкесі отырған бөлменің есігін ақырын ашып енді айтпақ болып еді, әкесі телефонмен сөйлесіп жатыр екен. Үнсіз кері бұрылып кетіп қалды. «Анашым, әкем кітап оқып отыр ма десем, қолында телефоны бар. Біреумен сөйлесіп жатыр-ау. Әйтеуір күліп жатыр ғой. Бізге де сөйтіп қашан күліп қарайды?» деп ойындағысын айтып салды. Мұны естіп тұрған әкесі баласына бермей, тоңазытқышқа салып қойған тәттіні қолына ұстатып, иығына отырғызды. Бірақ кешірім сұрауға батылы бармай, «сен жақсы жігіт болып өсіп келе жатырсың» дегенді ғана айтты. Баланың жүзінде ерекше күлкі пайда болып, үйдің іші нұрға бөленгендей болды.

Ағайша АЛПЫСБАЕВА,
1-курс студенті

Желідегі өмір

Пандемияның әсерінен тіршіліктің саябырсып, күйбең тірліктің онлайнға ауысқанына да жылға жуықтады. Мен қоғамды екіге бөлген бұл өзгерістердің арасында қайда барарымды білмей, сабылып жүрмін. Ал сіз қай жақтасыз?

«Ой, мынау карантин дегенің жақсы екен ғой. Үйде отырып-ақ керегінді аласың» дейді бір тарап. Ал екіншісі «Төрт қабырғада отырып шашымыз ағарды» десіп жатыр. Ағармағанда қайтсін? Карантиннің салдарынан мектептерде де оқу тоқтады. Осыдан пәленбай жыл бұрын мектеп бітіріп кеткен ата-аналар ойламаған жерден мектеп оқушысына айналды. Үйден онлайн білім алатын балаларға оқытушы болып шыға келді. Бір сынып емес, бірнеше сыныпты қатар оқып шақшадай басы шарадай болып жатқандар да көп. Компьютер, телефон жетіспей біраз қиындықтар туындады. Одан қала берсе, құрсақтас бауырынан қарыз алғандай қылып банктерден ала берген несиелерінен хабарлама келеді де тұрады. Қалтада көк тиыны қалмаған халық 42500 теңге беретін сайттардың жұмысын сағатқа да жеткізбей жарамсыз етіп тастады. Ол да бірнеше мәрте.

Бізге де біраз қиындықтар туындады. Әлі де бар. «Ұстаз» дейміз экранның ар жағындағы жүзі анық емес, дауысы үзіліп-үзіліп келіп жатқан білім иесіне. Розеткадан бір сәтке айырылып қалса өмірдің жартысы өтіп кететіндей сезініп жүрген біздерге олар да «шәкіртім» дейді. Байланыстың нашарлығынан жастардың қыр жағалап қолдарын көкке созып жүргендері қаншама. Алайда білім алушыларға жағдай жасай алмайтын байланысы құрғыр жалған ақпараттарға келгенде жақсы істей ме, қалай өзі?! Фейк дедік. «Қоймамызда дәрі қалмапты», «Ұшақпен дәрі шашыпты», «Ауруды суға қосыпты», «Адамдар чиптеле басталды», «Уақытында 20 теңгеге алынған маска дегеннің бағасы ең азында 10 еселеніп кетіпті». Бәріміздің желідегі парақшамызға жан-жақтан осы типтес хабарламалар келіп жатты. Елдің ауызына қақпақ бола алмайсың мұндайда. Алайда өркім өз аузына қақпақ бола алса өсек атаулыны ауыздықтай алар едік. Ауызына ие болғандар қолдарымен де қандай іс жасап жатқанын түсінер еді.

Қорыта айтқанда, бұл үй қамақтың жақсылығын көрмедік емес, көрдік. Онлайн арқылы қызметтерді үйде отырып та пайдалануды үйрендік. Қажетті заттарды үйден шықпай-ақ алуға қол жеткіздік. Уақытты үнемдейді. Өлемді жайлаған жаман індеттің беті қайтып, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман болсын! Жыбырлаған жансыз өлемге жан бітіріп, болашығымызды жарқын етсін! Ел аман, жұрт тыныш болсын!

Ағайша АЛПЫСБАЕВА,
1-курс студенті

ҰСТАЗ - ҰЛЫҚ ЕМЕС, ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

Ата-ана – отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Дәстүрлі қазақ отбасында ата - ананың қадірі ерекше әспеттелген. Әсіресе, тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің көүсәр бұлағы – Ана есіміне қатыссыз дүниеде қасиетті ештеңе жоқ.

Ана деген киелі есім, Алла берген бар мәнін,
Күн шуағы төгілгендей мынау күні Алланың.
Бар бақытты өмір саған Ана берген әрдайым,
Барша Адамзат Аналарға басыңды ию - Аллаға!

Түркі елдерінің ортақ астанасы болған Түркістан қаласында ашылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің әйелдер қауымын бүгінгі 8-Наурыз Халықаралық қыз-келіншектер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

«Ұлттың ұлағаты - мәдениетте, мәдениеттің ұлағаты — оқу мен әдебиетте», - деп ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ұстаз - осы білімге, мәдениет пен әдебиетке жетелейтін бірден бір тұлға. Ұрпақ тәрбиесінде мұғалімнің таланты, біліктілігі және жауапкершілігі, адами қасиеттері өте маңызды рөл ойнайды, өйткені ол - шәкірт үшін айна сияқты. Ұстазы жақсының шәкірті үздік. Бұл - айнымас аксиома. Ұстаздар - мемлекет пен қоғам арасындағы алтын көпір тәріздес. Мемлекеттің ертеңгі болмысы - ұстаздың бүгінгі тәлімінде.

Университетіміздің алғашқы түлектерінің бірі ұстаз-ана Шадинова Гульзира Абиласанқызы. Өзінің ұстаздық еңбек жолын 1995 жылы университетіміздің «Араб филологиясы» кафедрасында оқытушы қызметінен бастап, қазіргі таңда философия ғылымдарының кандидаты, «Әлеуметтік ғылымдар факультеті», «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының доценті ретінде қызмет атқарып келеді. Еңбек ету жолында Гульзира Абиласанқызы өте еңбекқорлығымен университет ұжымына танымал. Ұстаз ретінде шәкірттер тәрбиелеуде рухани құндылықтар жөнінде терең тәрбие беріп, студенттердің болашақта сапалы маман және қоғамда жеке тұлға болып қалыптасуына тигізіп келе жатқан ықпалы да зор деп айтсақ болады.

ЗФФ-711 тобының 4-курс студенті Төлеген Назар: «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» - деп ұлы Абай бабамыз айтқандай, Гульзира Абиласанқызы бізге сабақ беру барысында жас ұрпақтың маман болып қалыптасу барысында берген тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесі өлшеусіз деп толық айта аламын. Жалпы апайдың сабақ ету барысында өте көп еңбектеніп, көптеген кітаптардан мысал келтіре отырып және электронды оқулықтар жасап, өтілген әрбір сабақты жан-жақты терең түсіндіріп береді. Бүгінгі еңбек ертеңгі жеңісті күннің кепілі демекші, апайдың берген білім, тәрбие болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастыратынына толық сенімдімін, - деген жүрек-жарды лебізін білдірді.

Гульзира Абиласанқызының педагогикалық қызмет ету барысында 90-нан аса ғылыми-



өдістемелік еңбектері жарияланған. Оның ішінде ҚРБЖФМ Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған баспадағы жарияланымдары – ғылыми мақала-15, Шетелдік халықаралық конференцияларда-10, ҚР халықаралық конференцияларда-25, Республикалық конференцияларда-7, Отандық ғылыми журналдарда-17, Шетелдік ғылыми журналдарда-28, Сонымен қатар-1 монографиясы, 6 электронды оқу құрал, оқу құрал-4, оқу-өдістемелік құрал-5, 10 лекциялық курсы жарық көрген. Сонымен қатар, 2016-2017 оқу жылында университет тарапынан «Юнесконың 2016 жылды «Ясауи жылы» деп жариялауына және Ахмет Ясауи университетінің 25 жылдығына орай университет сенатының шешімімен «Ясауи жылы» медалімен және 2018 жылы 8 наурыз халықаралық әйелдер күнімен Түркістан қаласының әкімі Т.Мұсаевтың құттықтау хатымен марапатталды.

Қазіргі таңда екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отырған аяулы ана, сүйікті жар. Шәкірттеріңіз үшін жасаған ерен еңбегіңіз үшін айтар алғысымыз шексіз!

Рая ОҒАЛБАЙҚЫЗЫ
Қоғамдық ғылымдар
кафедрасының оқытушысы



УНИВЕРСИТЕТІМІЗГЕ - 30 ЖЫЛ!

филология ғылымдарының кандидаты, профессор Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ :

«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ОРДАСЫ – ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНА ЖАРЫҚ ШАШҚАН КҮН ІСПЕТТЕС»

Ордалы оқу орнымыздың іргесі қаланып бой көтергеніне 30 жылға жуықтапты. Ғұмырын университетпен біріктірген, осы білім ошағының іргесін қалап шаңырағын көтеріскен қаншама әріптестеріміз бар. Бірқатар ардагер-әріптестер дүниеден озды... Бірқатары университетімізде қызмет атқарып келеді. Солардың бірі филология ғылымдарының кандидаты, профессор Жанымгүл Камалқызы бізбен сыр бөліскенді.

– Университеттің ашылған алғашқы жылдар жағдай қалай болды? Алғашқы дүниенің қашанда қиындықтары, кедергілері болатыны сөзсіз?

Алғаш Түркістаннан университет ашылатынын өзім қызмет етіп жүрген Кентау тау-кен-металлургия техникумында, мұғалімдер бөлмесінде естідім. Орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім, бір топ орыс тілді мұғалімдерге айтып тұр екен. Кекесінмен: «Түркістаннан университет ашпақшы, Түркістанда университет болатынын елестетіп көріндерші», дегенін есіктен кіріп келе жатып, естіп қалдым. Мен оған қарап:

– Сіз Түркістан тарихын білмейсіз, сондықтан университет ашылатынына таңданып тұрсыз. Түркістан – үлкен ғылыми, мәдени орталық болған қала, университет ашылуы – заңдылық, мен өте қуаныштымын, – дедім, оған деген ішкі ренішімді барынша білдірмеуге тырысып.

– Онда сол жерде жұмыс істеуге асығыңыз, – деді ол кекесінмен. – Мен дайынмын, – дедім, бұл жолы ішкі қуанышым сыртқа күлкі болып ағытылды... Бірақ, санамда университетте тек үлкен ғалымдар ғана жұмыс істеуі керек деген түсінік болды. Жұмысқа ауысу ойыма келген жоқ. Жазда университетке қабылдау емтиханы болып жатқанын естіп жүрдік. Сол жылы Түркістан ТИПТ (Түркістан индустриалды-педагогикалық техникумына) пайдалануға берілген, қазіргі Қазыбек би көшесіндегі ғимарат, қазіргі Тәуке хан көшесіндегі Түркістан педагогикалық училищесінің ғимараты университетке берілді. Есімхан алаңындағы Түркістан қалалық әкімшілік ғимаратына университеттің ректораты орналасты. Кентау техникумының ғимаратының жоғарғы қабаттары медицина және экология факультеттеріне босатылды.

1991 жылы университет сабақты 1 қыркүйектен бастай алмады. Берілген ғимараттарға жөнделу жүргізу бір жарым айға созылды. Қабылданған студенттер де жөнделу жұмыстарына тартылып, көмек беріп жүрді. Мен сол техникумда сабақ беріп жүргендіктен, оның барлығын көріп жүрдім.

Алланың аузыма салған сөзі болды ма, бұйрық па, мен оқу орны алғаш сабақ бастаған 1991 жылдың 16 қазаны күні университетке жұмысқа қабылдандым. Кентау қаласында оқитын екі факультеттің (Медицина, Экология) орыс топтарына қазақ тілінен сабақ беретін оқытушы болып қызметке кірістім.

Университеттің алғашқы басшысы академик Мұрат Жұрынұлының ұйымдастырушылық қабілеті ме, әлде беделі ме, жаңа ашылған университетке ғылым докторлары, ғылым кандидаттары көптеп келді. Үлкен қалаларда тұрып келген ғалымдардың дені біршама жағдайы дұрыстау Кентауда тұруды

жөн көрді. Кентау – өндірісті қала, тікелей Мәскеуге қарайтын. Мәскеу қамтамасыз ететін қала болып келген өндірісті қаланың жағдайы да, тұрмыстық ахуалы да Түркістаннан анағұрлым жоғары еді. Ал, Түркістанға келген ғалымдар көпшілігі қазіргі Филология факультетінің жанындағы (Қазыбек би) жатақханаға орналасты. Ол кезде оның жағдайы өте қиын еді. Жылу жоқ, жарық жиі сөнетін. Обалы не керек, жайлы орындарын, қызметтерін тастап келген ғалымдар, үйсіз-күйсіз сол жатақхана бөлмелерінде тұрып жатты. Отбасыларын алып келуге мүмкіндік болмады. Университеттің әрі қарай өмір сүріп кетуіне көпшілік те, кейбір келген ғалымдар да күдікпен қарай бастады. Тіпті, бір орыс тілді ғалым «Казахстанская правда» газетінде «Болашағы жоқ университет» деген мақала да жариялап жіберді. Провинциядан ашылған университет деп кекесін білдірді. Оған себеп болған қаланың тиісті инфрақұрылымының талапқа сай болмағандығы еді.

Алғашқы жылы кафедра қалай аталды? Кафедраны алғаш кім басқарды?

– Біздің кафедра «Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы» деп аталды. Қазақ топтарындағы қазақ тілі курсы жүргізетін орыс тілі мамандары да біздің кафедрада болатын. Кафедраның алғашқы меңгерушісі профессор Мекемтас Мырзахметов болды. Одан бұрын келіп, кафедраның құжаттарын дайындап, алғашқы студенттерді қабылдауға қатысқан профессор Темірғали Есембеков болатын. Ал, қазақ тілінің барлық ауыртпалығын доцент Мейірбек Ержанов көтеріп отырды. Тек бірінші курс қана болғандықтан, негізгі мамандық пәндер осы кісілерге тиелі болды да, практикалық қазақ тілі мен орыс тілінен сабақ беретін оқытушылар жергілікті мектептерден тартылды. Дударыша Сартбаева екеуміз алғашқы жылы, келесі жылы Сапар Ергөбекпен Нағима Қошанова, Гүлімжан Жылқыбай, Салиха Дуанавалар қосылды қатарымызға.

Факультетіміз Тарих-филология болып аталды. Алғашқы деканатымыз – профессор С.Мадуанов болатын. Проректорымыз – марқұм Байтанаев Болат Әбішұлы болатын.

– Алғашқы студенттер, бірінші түлектер кілең сайдың тасындай мықты болған дегенді естуім бар. Расында солай болды ма? Таратып айтсаңыз.

– Университет ашылған жылы әр топқа он бір студенттен ғана қабылданды. Шет тілдері аптасына сегіз сағаттан оқытылды. Талап бойынша, болашақ халықаралық университет дәрежесіне сәйкес білім беру мақсат етілді. Осындай жарнаманың әсері болса керек, алғашқы жылдары университетке мектепті үздік бітіргендер көптеп келді. Мен сабақ берген медицина факультетінің орыс топтарында төрт топ, экология факультетінде екі топ болатын. Медицинадағы бірінші, екінші топтарында негізінен медалистер мен медучилищені үздік бітіргендер болды. Экология факультетінде де осылай болатын.

– Қожа Ахмет Ясауи университетінің Түркістан қаласында бой көтеруі қалаға үлкен бетбұрыс, мәдениет алып келді деген пікір бар. Келісесіз бе? Түркістан үшін университеттің маңызы қандай?

– Кез келген қала үшін, тіпті шағын елді мекен болса да, ол жердегі оқу орнының маңызы ерекше болады.

Себебі ол – білім үйі, білім ошағы. Адамзат үшін білім алу қабілеті – Алланың ерекше сыйы. Біздің аталарымыз бұны жақсы білген. Мектеп үйлерін ерекше киелі орын ретінде құрметтеген. Тіпті, денсаулығында кінәраты бар кейбір жандар мектеп үйлеріне келіп түнеп кететін болған. Мектепке кіргенде ерекше илтипат таныту, ұстаздарға иіліп сәлемдесу «надан» деп жүрген аталарымыздың жазылмаған қағидасы болған...

Бұл қасиетті Түркістан халқы университет ашылған жылдары көрсете алды. Білім беруге келген ғалымдарды әулиедей сыйлады, құрметтеді. Ата-аналар балалары өз мекенінен ұзап шықпай-ақ, жоғары оқу орнында оқитынына қуанды. Сол жылдары күрт өзгерістен халықтың күнкөріс халі де нашарлап, ел түгелімен дағдарыста болған жылдар еді ғой. Дәл сол уақытта орталарында университет ашылуы – өздері қасиетіне шексіз сенетін Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне Алланың жіберген сыйы деп қабылдады. Университет, ондағы білікті ғалымдар көпшіліктің үлгісі де бола білді. Ең бастысы, университет ғылыми орта қалыптастыратын үлкен орталыққа айналды. Қазіргідей бар жағдай жасалмаған, аудиториялар, жататын жатақханалар суық болса да ғалымдар ғылымды жандандыруға, осы өңірде ғылыми орта жасауға бел шеше кірісті. Ғылыми зерттеу лабораториялары, ғылыми семинарлар, одан әрі ғылыми дәреже қорғауға арналған ғылыми кеңестер ашылуы осының айғағы болды. Университеттің жаңадан салынған ғимараттары, жатақханалары, жанкешті еңбекпен бой көтерген ботаникалық бақ қалаға сән беріп қана қоймай, ескі шаһардың айбатын асқақтатты. Университет өмірі қалаға жаңа тыныс берді. Сол жылдары саңырауқұлақтай қаптаған жекеменшік университеттер бұл университеттің шын бағасын көруге мүмкіндік берді. Қасиетті Қожа Ахмет Ясауи атын иемденген оқу орны өз биігін бағындыра берді. Алғаш қалай кірпіші қаланғанын, қандай қиындықтармен оқу басталғанын, сабақ бере жүріп, электр жарығы жоқ май шаммен отырып, лекция дайындап, одан қалған уақытта диссертация жазған, сабақта сырт киіммен дірдектеп жүріп лекция оқыған алғашқы оқытушылар бұл университеттің бағасын бәрінен де артық біледі деп ойлаймын. Бір қызығы, сол қиын күндерді, сонда бірге жүрген жандарды, бар ықыластарымен саусақтарын үрлеп қойып лекция жазып отырған студенттерді сағынасың... Түркістанды ғылыми ортаға айналдыруға әрекет жасаған ғылымның тасын кемірген ғалымдардың көбі бүгінде арамызда жоқ. Олар ескерусіз қалмаса екен деп тілеймін. Олардың еңбектері ерекше. Университет өзі де өсті, қанша жандарды да өзімен бірге өсірді. Ғылым



– Алланың бір есімі делінеді. Ғылым мен білім ордасы Түркістан қаласы үшін жарық шашқан күн іспеттес. Өртүрлі мекемелер, түрлі мәдени орталықтар бой көтеріп жатқаны рас, бірақ оқу ордасының бағасы да, қадірі де бәрінен биік тұрады.

– Жанымгүл апай, отызыншы белеске аяқ басқан ордалы оқу орнына деген тілегіңізді оқырманға жеткізсек...

– Қожа Ахмет Ясауи университетінің әрбір қызметкерінен бастап, білім алушы шәкірттер үлкен философ бүкіл түрік халықтарына ілім таратқан, адасқанды тура жолға салған, қанша ғасырлардан бері ұрпағының қолдаушысы болып келе жатқан Қожа Ахмет Ясауидің кім екенін білгенін, оны оқып танығанын, ілімін үйренгенін қалар едім. Сонда университеттің де іргесі шайқалмай тұратынына сенуге болады.

Алғаш университеттің басшысы болған академик Мұрат Жұрынов жұмыстан кетіп бара жатып, ұжыммен қоштасқан жиында:

– Университеттің қандай қиындықпен ашылғанын, талай ауыр сынақтан қалай аман өткенімізді білесіздер. Бұл университет – Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне оның ұрпағына Алланың жасаған сыйы, университет халыққа керек, оны аман сақтау сіздерге аманат, университетті сақтаңыздар, – деген болатын. Бұл университет тек мамандық беретін, ғылыми дәреже беретін орын емес, бұл университет табалдырығын аттаған әрбір жанға бабалардың қолына түсе бермейтін бабалардың қасиетті рухын сыйлайтын орын болуына айналғанын тілеймін.

Бұл университет әрбір қазаққа, түрік ұлысының барлық ұрпағына аманат ретінде өзге оқу орындарынан биік болуға міндетті. Сондықтан, бұл білім ошағына аяқ басқан әрбір жан Қожа Ахмет Ясауи ілімімен сусындап, соны айналаға ұғындыратындай мінез-құлық, біліммен қарулануы керек. Қожа Ахмет Ясауи ілімі, қазіргі күні жан-жақтан іздеп, таба алмай жүрген бар тәрбие әдістерінің тұнып тұрған таза жемісі, тек оны кәдеге жарата алу керек.

Өңгімелескен: Өтіргүл ТӘШІМ

Ғылыми басылымдар офисінің жетекші маманы Гүлжан Әбілдаева:

«ЕҢ БАСТЫСЫ АДАМДАР БІРІН-БІРІ БАҒАЛАСА»

Ардагер-журналист Әбілдаева Гүлжан, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылған алғашқы жылдардан жұмыс атқарып келе жатыр. Ол 1994 жылы редактор болып жұмысқа қабылданады. Бір отбасының қос журналисі оқу орнымыздың «Ясауи университеті» газеті мен «Ясауи университетінің хабаршысы» журналының ашылуына ұйытқы болған жандар.

– Гүлжан Елібайқызы, университеттің алғашқы кездегі басылымдары туралы не айтасыз?

– Жолдасым Мұратбек Дүйсембеков алғашқы ректорымыз М.Жұрыновтың кезінде редакциялық-баспа бөлімінің бастығы болды. Елге танылып қалған журналист ретінде ол халықаралық «Түркістан» газеті (бас редакторы жазушы Қалтай Мұхамеджанов) мен Оңтүстік Қазақстан облыстық теле-радио корпорациясының (басшысы журналист Байдулла Қонысбек) Түркістандағы меншікті тілшісі қызметтерін қатар атқарды. Демек, университет жайлы материалдар күн құрғатпай республикалық деңгейде жарияланып жатты. Оның университеттің өз газеті, өз ғылыми журналы болса деген идеяларын басшылық тарапы да қолдады. Осылайша 1994 жылы маусымда Алматыға барып, ҚР баспасөз және бұқаралық ақпарат министрінің орынбасары Әлібек Асқаровтан газеттің тіркелгені туралы алғашқы куәлігін алып келдік. «Ясауи университеті» газетінің алғашқы санын дайындадық. Сол жылы қазан айында Мұратбектің кенеттен жүрегі тоқтап, келмес сапарға аттанып кете берді.

– «Ясауи университетінің хабаршысы» журналы өз жұмысын қашан бастады?

– Бұл журнал туралы әңгіме қозғалғанда, профессор Аманкүл Жақанқызының есімін айтпай кете алмаймыз. Сонау 1996 жылдары ол кісі университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі үйлестірушісі болды. Біздің идеямызды қолдап, бірден іске кірісіп кеттік. Алғашқы сандарын шығарудағы ғалымның еңбегі ерен. Компьютер тапшы, баспахана тіпті жоқ болатын. Айтпақшы, Аманкүл апайдың жолдасы Әскер Исақов та журналист еді. Мұратбектің қызметін бүгінде профессор атанған Мырзантай Жақып жалғастырды. Мен осы журнал ашылған күннен бастап зейнетке шыққанша аға редактор болып қызмет еттім. Қазір жетекші маман болып жұмыс істеп жатырмын. Журнал 3 айда бір жарық көреді, онда 5 адам қызмет етеміз. Журналымыз ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (ККСОН) тізімінде болғандықтан мақалалар жан-жақтан келеді. Журналда қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдеріндегі мақалалар жарияланады. Ғылыми мақалаларға қойылатын талап ортақ. Журналымыз ККСОН-ның тізімінде 4 бағыт – тарих, философия, филология, педагогика салалары бойынша тіркелген болатын. Білім және ғылым министрлігі 2021 жылдан бастап барлық журналдарды қайта тіркеуден өткізіп жатыр. Жаңа ереже бойынша ККСОН-ның тізіміне кіру үшін талаптар күшейтіліп, өзгерістер енгізілген. Журналдың өз сайты болуы керек. Авторлармен және рецензенттермен онлайн режимде OJS платформасы арқылы байланыс жасап отыру басты талаптардың бірі. Басшылық тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында осы жүйе іске қосылып, біздің жұмысымыз қарқын алуда.

– Әріптестеріңіздің арасында құрметке ие болудың сыры неде?

– Қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика мамандығы бойынша білім алдым. Аудандық, облыстық газеттерде еңбек еттім. Ең алғашқы бастығым Ордабасы (бұрынғы Бөген) аудандық газетін көп жылдар бойы басқарған, белгілі ақын Нармахан Бегалиевтің қалыптастырған журналистік мектебінен өткенімді мақтан тұтамын. Менің журналистика саласындағы ең әсерлі сәттерім сол кезде өтті. Ол кісі жұмысқа өте қатал еді, бір аптада үш рет газет шығады. Оның әрбір сөйлемі, әрбір сөзі тұрмақ, үтір, нүктесіне дейін өзі қарап шығатын. Үтірдің не үшін қойылатынын (мәселен, қыстырма сөздің екі жағынан) қазақ тілінің ережесімен айтып бергенде, еріксіз бас шұлғысың. Сауаттылық деген осыдан басталса керек. Газет екі тілде шығатын. Екеуінің де бас редакторы өзі еді. Біз мақала жазып қана қоймай, аударма жасауға да машықтандық. Ол кісінің қаталдығы журналистер арасында тіпті аңызға айналып кеткен. Бірақ мақсат – біреу. Көпшілік оқырманның алдында абыройлы болу. Қаншама қатал десек те ақын жүрегі өте нәзік бо-



логерлері тағы бар. Біздің кезімізде журналистерді тек ҚазМУ ғана даярлайтын. Ал қазір бұл мамандықты кез-келген университеттерде оқытып жатыр. Қазіргі мен бұрынғының айырмашылығы өте көп. Ол кездері көркем сөздермен әсерлеп тұрып очерк жазатынбыз. Ал қазір таза ақпаратты сол күйінде жеткізу керек. Әлеуметтік желілерді қарап отырсаңыз, бәрі жазғыш сияқты. Бұл да бір қазіргі заманның бір ерекшелігі болар, бәлкім. Ақпараттар ағыны лек-легімен ағылып жатқан уақыт келіп тұр.

– Өміріңізді онсыз елестете алмайтын дүние бар ма?

латын. Лирик ақынның табиғаттың әсем көрінісін адамның көңіл-күйімен астастырып жіберетін тамаша қасиеті бар. Жаңа жазылған өлеңін өзі оқып отырып, маған мәшеңкеге тергізетін. Ал мен жаспын, өлеңдегі әдемі төгілген ұйқастарға тәнті болудан танбайтын едім. Көз алдыма біз ескере бермейтін бір мезеттік әдемі сурет тілге орала бермейтін өзгеше ұйқаспен өрілгенде, ақынның көркемдік шеберлігіне қалай таңырқаймын.

Менің бір білетінім әр адамның сауатты болмағы мектеп қабырғасындағы алған білімінен қалыптасады. Ал баспасөздегі үлкен жұмыстар осындай қарапайым сауаттылықтан басталады. Менің талап ететінім де сол. Әлеуметтік желіге жегілген жастардың көркем әдеби кітаптарды оқымайтынына қынжыламын. Ақын-жазушылардың шығармашылығына қызығушылық та төмендеген бе деп қаламын. Әрине, көпке топырақ шаша алмайсың. Дегенмен, редакцияға келіп түскен мақалаларды оқып отырып, кейде ренжітінім рас. Ғылыми мақала дегеніңіз зерттеулерден, жаңалықтардан тұруы тиіс. Кейбір автордың өз пікірін жеткізе алмай жататыны бар. Зерттеген тақырыбын қағазға түсіруде жаңағы айтқан қарапайым сауаттылық жетпей жататынын жасыра алмайсың. Әрине, редакциялық өңдеу сол үшін қажет.

– Әлі күнге істей алмаған, бірақ, қатты қалап жүрген нәрсеңіз не?

– Жолдасым Мұратбек Дүйсембеков туралы жақсы естеліктер кітабын шығарсақ деймін. «Жұлдыздайын жарқ етті...» деген кітапты небәрі 500 данамен тараттық. Оған да талай жыл өтті. Ол қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновпен өте жақсы қарым-қатынаста болды. Кесенедегі Тайқазанды қайтару мәселесін көтергендердің бірі еді. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде алты жылдай қызмет етті, одан бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жаңа фильм» журналында жұмыс істеген. Одан кейінгі қызметтерін жоғарыда айттым. Небәрі 34 жыл ғұмыр кешкен Мұратбектің әдеби орта ұмытып кеткендей көрінеді. Кезінде жора-жолдас болған адамдарға өкпем жоқ емес. Қала көлемінде еске алу кештері, түрлі іс-шаралар болып жатады, сол жерлерде Мұратбектің аты да аталмайды. Осында жүрген журналист-ұстаздармен бірге қызметтес, дос болды. Сол кісілер студенттермен етене жүр, соларға айтып отырса, аты, ісі өшпесе деген тілегім бар.

– Қазіргі журналистика жайында бір-екі ауыз айта кетсеңіз.

– Қазір газет-журнал да, телеарна да баршылық. Жеке мүддені қорғайтын, саржағал басылымдар да жетіп жатыр. Ал біз кезінде «әрбір журналист коммунистік партияның жауынгері» деген ұранды ұстанғанымызды жасырмаймыз. Журналистерді міндетті түрде партияның мүшелігіне қабылдайтынды. Журналистер санаулы ғана әрі белгілі адамдар сияқты еді. Ал қазір журналистерден көп маман жоқ,

– Өмірден түйгенім, қазақ баласы үшін, ұрпағы үшін өмір сүреді екен. Жолдасым ерте кетті. Мен екі баламен қалдым. Бүкіл өмірім осы балаларыма арналған сияқты. Ол екеуі болмаса өмірдің мәні де болмас еді. Қызым Зерде Түркияда магистратура және докторантура бағдарламасын бітіріп, осы университетте ағылшын тілінің аға оқытушысы ретінде еңбек жолын енді бастады. Ал ұлым Зерек Қ.Сәтпаев атындағы Ұлттық техникалық университетін бітірген. Компьютер жағының маманы. Дегенмен қазір бір газеттің сайтында істеп жатыр. Өке жолына түсіп, арақидік жазуды қолға алған сияқты. Бір немерем бар. Мені қуантатын осы балаларым. Оларсыз өмірімді мүлде елестете алмаймын.

– Жолдасыңыз екеуіңіз қалай табыстыңыздар?

– Бізді табыстырған сол ҚазМУ ғой. Университеттің жыр құмар жастары жиналып өлең оқитын, жазғандарын ортада талқылайтын. Солардың арасында мен де жүретін едім. Таныстық осылай басталды. Мұратбек университетті бітірген соң Алматыда қалып, Шерхан Мұртазаның, Алтыншаш Жағанованың қолында қызмет етті. Кейін отбасы жағдайымен Түркістанға жұмысын ауыстырды. Ясауи музейінде ғылыми қызметкер болып, кесененің сол кездегі проблемаларын республикалық басылымдарға жазып жататын. Ал мен сол туған ауылым Темірланда аудандық газеттің корректоры, радиохабарларын таратушысы, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқардым. Мұратбек редакциямызға жиі келіп тұратын. Темірлан үлкен жолдың үстінде. Жұмыс бабымен Шымкентке өткенде бізге соғып, газет тігінділерін ақтарып, өзі де мақаласын, өлеңдерін беріп кететін. Сол баяғы таныстықтың арқасында шаңырақ көтердік. Мен балаларыма «екелерің мені мәшеңкені жақсы басқаным үшін алған» деп әзілдеп отырамын.

ҚазМУ-де Т.Қожекеев, Т.Амандосов сынды қазақ журналистикасын зерттеген профессорлардан білім алдық. Ұстазымыз Т.Амандосов «Қыздар, журналист жігіттерге жоламаңдар. Басқа саланың адамына тұрмысқа шығыңдар. Ертең бір газетте жұмыс істесеңдер, қиын болады» дейтін. Бірақ біз бір газетте жұмыс істемедік. Сосын болар бір-бірімізге көмектесіп, ақылдасып отыратын едік.

Алпысқа келгендегі тағы бір түйгенім – мына жалған дүниеде адамдар бірін-бірі тірі кезінде бағалай алса екен деймін. Қазіргі заманда жетіспейтіні осы секілді көрінеді маған.

– Гүлжан апай, сырлы сұқбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Universitemizin bilim adamı profesör unvanını aldı

Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı Eğitim Kalite Güvence Komitesi Başkanı Kararıyla Kazakistan Cumhuriyeti Tarih ve Sosyal Bilimler Akademisi akademisyeni, Tarih Bilimleri Doktoru Tursun Hazretali'ye Profesör ünvanı verildi.

Tursun Hazretali 'nin bilim adamı olarak oluşumu ve sosyal faaliyetleri, Türk halklarının manevi başkenti Türkistan ile yakından bağlantılıdır. Bilim adamının tüm araştırma çalışmaları Türkistan fikri ile bağlantılıdır. Eserlerini okurken, Türkistan ve Türkistan bölgesinin bilimsel şeceresi hakkında gerçekleri bulacak, yeni fikirler ve sonuçlar öğreneceksiniz.

Ülkenin tanınmış bilim adamı Tursun Hazretali'yi profesör ünvanıyla kutlar, başarılar dileriz!



KUTLUYORUZ!

Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı Eğitim ve Bilimde Kalite Güvencesi Komitesi'nin kararı ile İktisadi ve İdari Bilimler Fakültesi Kamu Yönetimi ve Bölgesel Kalkınma Bölümü Doçenti Nazgul Batyrova'ya PROFESÖR ünvanı verilmiştir.

Nazgul Batyrova'yı bu başarıdan dolayı kutluyor ve başarılarının devamını diliyoruz!



SPORCULARIMIZIN ZAFE

25-27 Şubat 2021 tarihlerinde Taldykorgan'da Kazakistan Cumhuriyeti Sambo Şampiyonası düzenlendi. Yarışmaya ülkenin tüm bölgelerinden yaklaşık 500 sporcu katıldı. Üniversitemiz sporcuları yeteneklerini sergileyerek yarışmanın kazananları oldular.

50 kg ağırlık kategorisinde kızlar arasında birinciliği Kamu Yönetimi ve Ekonomi Yüksek Okulu öğrencisi Aizhan Jilkıbaeva aldı.

50 kg kategorisinde Jadıra Payız üçüncü, 59 kg kategorisinde Gülzira Kudasbek üçüncü, 80 kg kategorisinde Orazbay Arailym ikinci, +80 kg kategorisinde ise Nazgül Yeşimbek üçüncü oldu.

Erkekler arasında 98 kiloya kadar olan kategoride Abdiganı Bibaris üçüncü, +98 kg kategorisinde ise Alikhudzhaev Abdvohob üçüncü oldu.

Sporcularımızı yarışmalara, üniversitemiz antrenörleri Abdisadyk Halilaeve ve Muhtar Bugenbaev hazırlamışlardır.



Sporcularımız zaferle dönüştürdük

Kazakistan Cumhuriyeti halter ve bilek güreşi şampiyonası 19-21 Şubat tarihlerinde Aktobe'de düzenlenmiştir. Ülkenin her yerinden en iyi sporcular, gençler ve yetişkinler arasındaki yarışmalara katıldı. Türkistan bölgesinin onurunu savunan Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Spor ve Sanat Fakültesi öğrencileri değerli ödüllerle döndüler. Özellikle birinci sırada Rysbek Erdos (63 kg) ve Shekerbek Nurlybek (95 kg), ikinci sırada Turganbai Bakhytzhon (68 kg) ve Akhmet Erbolat (85 kg) yer aldı. Ayrıca Murat Serikbayev ve B. Abdugarimov, Asya ve Dünya Şampiyonası'na katılma fırsatı buldu.

Şampiyonaya birden fazla dünya şampiyonu, uluslararası ve ulusal yarışmaların galiplerinin katıldığı unutulmamalıdır. Erkekler ve kadınlar 11 ağırlık kategorisinde yarıştı. Bilek güreşinde erkekler 10 ağırlık kategorisinde, kadınlar 9 ağırlık kategorisinde yarıştı.

Yarışmanın, Kazakistan Cumhuriyeti'nin Bağımsızlığının 30. yıldönümüne ve Kazhimukan Munaitpasov'un 150. yıldönümüne adanmıştır.

Bilgi Merkezi



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

ÖĞRENCİLERİMİZİN YENİ BAŞARISI

Gençlerin eğitilmesinde eğitime her zaman özel bir öncelik verilir. Cumhurbaşkanı Nzarbayev, "Değer sisteminde eğitimi her şeyin üzerinde tutan bir millet başarıya ulaşır" sözleriyle, bir milletin gelişmesinde temel faktörün eğitim olduğunu vurguladı. Öğrenci ve öğretmenlerin mesleki yeterliliklerini, yaratıcı bireyselliklerini, pedagojik yeniliklere uyumlarını, değişen pedagojik ortama uyum sağlama becerilerini geliştirmek için, 15 Ocak 2021'de Nur-Sultan'da Uluslararası Teknik Eğitim Fonu tarafından Uluslararası Pedagojik Olimpiyat "Ukili Umit" düzenlenmiştir. Olimpiyata 1500'den fazla öğrenci katıldı. Üniversitemiz filoloji fakültesi öğrencileri de kazananlar arasındaydı. Öğrencilerimizi ve danışmanlarını tebrik ederiz! Onlara gelecekte başarılar diliyoruz!

Öğrencilerimiz Uluslararası Olimpiyatın galibi oldu

24 Şubat 2021'de Bilimsel ve Metodoloji Merkezi "Ustaz tylegi" tarafından online olarak düzenlenen Uluslararası Olimpiyat, üniversite öğrencilerimiz birinciliği kanamıştır. Bunlar arasında: Taşolpan Temirgali, Damira Ahmet, Feruza Makkambaeva, Konis Batırbek (5B011900-Yabancı dil: iki yabancı dil (İngilizce ve Türkçe) Anabilim Dalı 3. sınıf öğrencileri). Danışman Prof. Dr. Talgat Daniyarov.

Yarışmada birinci olan öğrencilerimizi ve danışmanını tebrik ediyor, yeni başarılar diliyoruz.

ҚАРТ АНАНЫҢ ҚАСИРЕТІ

...Әкем қайтыс болған соң анамның да денсаулығы сыр бере бастады.

– Бұл үйде не шешен тұрсын, не мен тұрайын! Шаршатты әбден!

Өткіз анау қарттар үйіне! Сол шешен үшін мына үйде күнде ұрыс. Берекеміз кетті. Шалының артынан неге кетпеді екен... Өткізбесең бала шағаны жинаймын да кетемін. Қалыңдар шешен екеуің!!!

Арада бір ай өтті. Әйелімнің қабағы ашылмады. Балаларды әдейі жылатады. Анама әдейі суыған шәй, дәмсіз тамақ береді.

Жұмыста болатынмын. Үлкен ұлым телефон соқты. "Тез жетіңізші, өртеніп жатырмыз" деп. Алып ұшып үйге жеттім. Анам өзі тамақ істеймін деп ас бөлмеде өрт шығып кетіпті. Жер үй болған соң сыртқа шығып үлгеріпті. Әйелім де менің артымша келді.

– Болды жетер! Құрт шешенді! Бір күні мына түрімен үйді өртейді. Жап-жаңа мебелімді құртыпты!

Бір жағынан әйелімдікі де дұрыс шығар. Біз үйде жоқ кезде жалғыз қалады. Ертең үйді өртеп жіберсе ше. Оданда қарттар үйінде жағдайы дұрыс болады.

Мен осы шешімге тоқтадым. Араға бірер күн салып анаммен сөйлестім.

– Бір-екі айға сізге санаториге путевка алып келдім. Демалып, кішкене денсаулығыңызды түзеп қайтасыз...

– Маған осында да жақсы ғой балам. Ол жерде жағдайым бола қояр ма екен. Сендер жұмыстасыңдар, мына үйге де бас-көз болатын адам керек. Бәрін қойшы, ол жаққа кетсем кішкентай Баконтайымды сағынамын ғой...



Баконтай деп отырғаны ең кішкентай немересі. Әжесімен бірге ұйықтайды, онсыз тамақ ішпейді. Екеуі бір-біріне сондай бауыр басып қалған.

Ары айтып, бері айтып ол кісіні ақыры көндірдім. Анамның екі сөмке заттарын машинаға салып жатқанда Баконтай әжесінің кетіп бара жатқанын көріп қолынан тартып "кетпеші, кетпеші" деп жылағаны әлі көз алдымда. Анам да оны қимай бет орамалымен көз жасын сүртумен болды. "Әжең доқтырға барып келсін қазыр. Сосын саған көп ертегі айтып беремін. Құлыным сол, күтіп жүр, мен келемін..."

Бала жүрек әжесінің енді қайтып келмейтінін сезгендей... Машинаның артынан біраз жерге дейін жылап жүгірді. Иә, періште жүрек бәрін де сезді, бәрін...

Анамды атың өшкір қарттар үйіне әкелгенде ғана қайда келгенімізді айттым.

– Баконтайым сонша жібергісі келмеген еді... Жақын адамының келмеске кетіп бара жатқанын сезіпті ғой. Білемін балам, мен үшін келінмен көп ұрсағын болып кеттіңдер. Солай шешсеңдер көнемін... Қалдырып кет мені... Бірақ бір ғана өтінішім бар... Баконтайды әкеліп тұрыңдар. Көзімнің тірісінде маңдайынан иіскеп жүрейін. Ертең өлген соң...

Мен есіктен шығып жүре бердім. Көлігіме жеткенше жүрегім қатты қысылды.

Үйге келдім. Баконтай алдымнан жүгіріп шықты. Көзінен "Әжемі қайда апарып тастадың?" деген сұрақты байқадым. Әйеліме анамды қарттар үйіне өткізгенім ұнады. Жаны жәй тауып көңілді жүр. Соңғы бір айда жемеген тағамдардың түр түрін істеп тастады. Бірақ тәбетім жоқ. Күрсіне берем, күрсіне берем... Анамның орны қатты біліне бастады. Баконтай әжесін күнде сұрайды. Бір күні оны әжесіне алып бардым. Бізді көре сала Баконтайды құшақтай алды.

– Құлыным, жарығым сол. Тәтті балапаным. Үлкен жігіт боп кетіпті өзі. Қарашы әжең саған көп кәмпит жинап қойды. Мә, ала ғой ботам.

Анам жастығының астынан бір уыс кәмпиттерді алып Баконтайға

берді. Жылап тұр, немересін көргеніне қуанғанынан...

Кетерде Баконтай әжесінің қасында қаламын деп жылады. Әжесі жатқан кереуеттен жібермей ұстап жылап тұр.

– Баконтай, құлыным, сен үйге қайта бер жарай ма? Мен ертең барамын... Ақылдым менің, үлкен жігіттер жыламайды. Қане папаңмен бара ғой...

Үйге келген соң бұлай болмауы керек деп ойлады. Анамды қарттар үйіне керексіз адамдай апарып тастадым. Не үшін? Әйелімнің сөзіне ердім, кетем дегенінен қорықтым. Мен қорқақпын! Жоқ, қандай жағдай болса да анамды қайта әкелуім керек! Осындай ойлармен үш айдан аса уақыт жүрдім. Анамды көруге де бара алмадым. Өзім басқаратын фирма банкротқа түсті, оның арасында жалға алып істеп отырған дүкенімді тонап кетті. Тек сәтсіздік, тек шығын. Баконтай есік алдындағы талдан құлап аяғын сындырды. Осының бәрі аз ғана уақыттың ішінде бірінен кейін бірі болып кетті.

Бір күні жұмыста қағаздармен басым қатып отырғанмын. Телефоныма белгісіз нөмірден қоңырау келді. Көтердім....

Өмірімдегі ең суыт қоңырау осы еді. Қарттар үйінен хабарласты. Анашым өмірден өтіпті... Бала күнімде мектепке қалай мұнтаздай етіп киіндіріп жібергені, мұғалімдерім балаңыздың сабақ үлгерімі өте жақсы деп мақтағанда "менің ақылдым ғой" деп маңдайымнан сипағаны, бір күні өзі көйлек аламын деп базарға кетіп, маған көп киімдер әкеліп әкеме: "мыналарды көріп баламызға алғым келіп кетті. Көйлекті басқа бір жолы алармын" дегені, мен оқуға түскенде мені құшақтап, қатты қуанғаны, үйлену тойымда қуаныштан толқып жылағаны, бәрі бәрі көз алдымнан лента болып өтіп жатты... Үйге келіп әскерде жүргенде амандығымды тілеп жазған ескі хаттарын, Анашымның қолтаңбасы қалған сағынышқа толы сарғайған хаттарды құшақтап өкіріп жыладым....

Өкініш тірідей өртеді. Енді кеш, мен тым кеш қалдым. Тіпті жүрегінің соңғы соғысын да есітіп үлгермедім...

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

АНА — ӨМІРДІҢ ҚУАНЫШЫ, ТІРЕГІ

Әйелдер туралы жазушылар не дейді?

Әйел – тіршіліктің тамыры. Әйел – бір шаңырақтың ұйытқысы. Әйел – ана! Даңқты батыр Бауыржан Момышұлы атамның «Біздің жерімізде еркек – діңгек, әйел – гүл. Діңгек – жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда «қу бас» деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат «жемісі» ешқашан да болмайды» деп айтқан екен. Расында да, әйелдерсіз өмір мәнсіз көрінеді.

Әйел – өмірдің гүлі. Әйелсіз ер-азаматтарға қиын тиері сөзсіз. Әйел қырық шырақты. Әйел туралы пікір де әртүрлі. Адам жанының барометрі саналған жазушылар қауымы осы бір нәзік жандылар жайлы не дейді екен?! Оқып көрелік!

Әйел — металлдан жасалған жиһаз емес; ол — гүл. Ол іскерлікті қаламайды. Оған күнгей, жылы сөздер керек.

Эрих Мария Ремарк

Әйелдер тек жасаған опасыздықты кешіре алмайды. Егер ойын ережесін басынан ұйымдастыратын болсаңыз, әйелдер оны еріксіз қабылдайды. Алайда, ойын барысында ереженің өзгергенін жандары сүймейді.

Габриэль Гарсия Маркес

Әйелге әмірін жүргізе білген — мемлекетті де басқара алады.

Оноре де Бальзак

Егер сіз әйел затының не ойлап тұрғанын білгіңіз келсе, оған тіке қараңыз, бірақ сөзіне мән бермеңіз.

Оскар Уайльд

Әйел адамдар ешқашан құпия ұстауды білмейді. Бірақ олар жүрегінде сақтаған затты өлсе де айтпайды.

Стивен Кинг

Әйел қанша сұлу болса, сонша адал болуы керек, өйткені оның сұлулықтан көрер кесірін адалдық қана жеңе алады.

Лев Толстой

Әйел болмаса еркек есінен, еркек болмаса әйел ажарынан айрылады.

Антон Чехов

Әйел ашуланса – жеңіледі, еркелесе – жеңеді.

Ғабит Мүсірепов

Өлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі.

Мұхтар Мағауин

8-наурыз мейрамы туралы қызықты деректер

1977 жылы БҰҰ 8 наурыз күнін Халықаралық әйелдер күнін атап өте бастады. 1. Әйелдер мейрамы ежелгі Римде де аталып өтілген. Ол күні бас бостандығы бар «матрона» деп аталатын әйелдер жолдастарынан сыйлық алатын болған.

2. 1857 жылдың 8 наурызында Нью-Йорк қаласында тігін және аяқ-киім фабрикаларында жұмыс істейтін әйелдер бас көтерген болатын. Олар 10 сағаттық жұмыс күнін, құрғақ және жарық жұмыс орындарын және жалақыны ер адамдардыкімен теңестіруді талап еткен. Бұған дейін әйелдер тәулігіне 16 сағат жұмыс істеп, алатын еңбекақылары өте төмен болған. Ереуіл нәтижесінде кәсіподақ құрылып, оның құрамына әйелдер тағайындала бастады.

3. 1908 жылдың 8 наурызында әйелдер балалардың еңбек етуіне тыйым салуды және әйелдердің дауыс беру құқығын талап етті.

4. 1910 жылы Копенгаген қаласында өткен Халықаралық социалист әйелдердің конференциясында Клара Цеткин 8 наурыз күнін Халықаралық әйелдер күні мерекесі етіп жариялауды ұсынды, әйелдерді өз құқықтары мен теңдік үшін күресуге шақырды. Бұл үндеу әлемнің көптеген елдеріндегі



әйелдерінен қолдау тапты. 1911 жылы бұл мейрам Дания, Германия, Швейцария және Австрияда атап өтіле бастады.

5. 8 наурызды мереке деп мойындамайтын мемлекеттер бар. Бірақ бірнеше елде, атап айтқанда, АҚШ – «Аналар күні», Францияда – «Әжелер күні», Жапонияда – «Қыздар күні» деген бар. Олар жаз айларында тойланады екен.

6. Қазір 8 наурыз Қазақстан, Армения, Әзербайжан, Ауғанстан, Беларусь, Буркина-Фасо, Вьетнам, Гвинея-Бисау, Грузия, Замбия, Камбоджа, Қырғызстан, Кирибати, Қытай, Коста-Рика, Куба, Лаос, Мадагаскар, Молдова, Моңғолия, Непал, Ресей, Сербия, Тәжікстан, Түрікменстан, Уганда, Өзбекстан, Украина, Хорватия, Черногория, Эритрея, Латвия сынды әлем елдерінде аталып өтіледі.

7. Бұл күні Мадагаскарда тек әйелдер ғана демалады екен. Ал Қытайда 8 наурыз мүлдем демалыс күні деп бекітілмеген. Қазақстанда ресми түрде демалыс күні деп 1966 жылы жарияланған болатын.

8. Ресей империясында Халықаралық әйелдер күні алғаш рет 1913 жылы Петербург қаласында тойланды. 2 наурызда Калашниковский нан биржасының ғимаратында мың жарымға жуық кісі жиналған еді. Олар әйелдердің дауыс беру құқығы, аналарға көрсетілетін мемлекеттік көмек сынды мәселелерді көтерген болатын.

9. 1977 жылы БҰҰ 8 наурыз күнін Халықаралық әйелдер күнін атап өте бастады.

10. 1920 жылдан бастап Клара Цеткин Компартия атынан бірнеше рет рейхстагке депутат етіп сайланып, кеңестік Ресейге жұмыс бабымен жіберіліп тұратын. Сол уақытта ол В. Ленинмен бірнеше мәрте жүздескен.

inbusiness.kz

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер: Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото мамыны: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru